

КАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ  
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ӘЛ-ФАРАБИ  
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ  
АЛЬ-ФАРАБИ» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА БАЛХАШ УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

2.09.2024

Балқаш қаласы

## ПРИКАЗ

№ 190

город Балхаш

**«Жергілікті бюджет қаражаты  
есебінен 1-4- сынып  
оқушыларының тегін тамақтануын  
ұйымдастыру туралы»**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, ҚР Үкіметінің 12.03.2023 жылғы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қарағанды облысы маслихатының 10.12.2020 жылғы XXIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қарағанды облысының білім басқармасының 11.08.2023 жылғы №411 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**
2. 1-4- сыныптардың оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету шараларын ұйымдастырылып, асханада тамақтану кестесі бекітілсін;
3. Асханада оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруда санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы назарда ұсталсын;
4. Оқушылар арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтау шаралары қамтамасыз етілсін;
5. Ас мәзіріне сәйкес тамақтандырудың сапасын, тиімді бағадағы буфеттік өнім және ыстық тамақты ұйымдастыру үшін тамақтандыру нормаларының сақталуын тұрақты бақылау жүзеге асырылсын;